



ЖАСЫЛ ҚАЛА – ЖАЙЛЫ ҚАЛА

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



СӘКЕН СЕРІНІҢ САРА ЖОЛЫ

6-БЕТ | ТҰЛҒА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Әр заманның айтар сөзі, көздеген мақсаты болады. Қалам ұстаған қауым жеке басының немесе бір топтың емес, елдің мәселесін көтереді. Бұл – өткен ғасырда «Қазақ» газетінің аясында ұйысқан Алаш зиялыларынан бастау алған ұлы миссия. Осы міндетті абыроймен атқару үшін әр журналистің бойында ізденімпаздық, жауапкершілік және табандылық болуы қажет. Себебі ақиқат жолы – оңай жол емес. Ал журналистің ақиқаттан айнуға құқығы жоқ. Шындық пен шынайылық басты қағида болуы керек. Яғни, ақпарат арнасы адалдық алаңына айналуға тиіс».

№13

(4601)

Бейсенбі

1 ақпан

2024 жыл



# ASTANA

ELORDA AQPAPAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астанада 1-5 ақпан күндері аралығында ересектер арасындағы грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Қазақстан чемпионаты өтеді.

## ОЛИМПИАДА ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЧЕМПИОНАТ

Бұл чемпионаттың чемпиондары биыл Парижде өтетін Олимпиада ойындарына жолдама беретін лицензиялық турнирлерге қатысады.

Қазақстан чемпионатында 1-2 ақпан күндері грек-рим күресі, 3 ақпан әйелдер, 4-5 ақпан күндері еркін күрес шеберлері жарысқа түседі. Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек спорт сарайында өтетін чемпионаттың іріктеу белдесулері күн сайын сағат 10.30-да, ақтық белдесулер сағат 18.00-де басталады.



# ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ КҮНІН ҚАЛАЙ АТАП ӨТЕМІЗ?

Ақпан – қазақ баспасөзі үшін ерекше қадірлі ай. Себебі 2 ақпан – ұлттық баспасөздің бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарыққа шыққан күн. Өткен жылдың 30 маусымында осы айтулы дата Ұлттық басылым күні болып еліміздегі мерекелік күндер тізіміне кірді.

### QALAQYZMET ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ ӨЗГЕРДІ

1 ақпаннан бастап Астана қаласының QalaQyzmet орталығы менеджерлері жаңа мекенжайда коммуналдық қызметтермен шарт жасасу бойынша халыққа қызмет көрсетуді бастайды.

Бұл қызметтер 1 ақпаннан бастап С.Сейфуллин көшесі, 27 мекенжайы бойынша көрсетілетін болады. Сонымен қатар, Қабанбай батыр даңғылы, 33 мекенжайында орналасқан филиал штаттық режимде жұмыс істейді.

QalaQyzmet орталығының фронт-кеңсесі сағат 08:30-дан 18:00-ге дейін келушілерді қабылдайды.

Барлық сұрақтар бойынша 57-89-63 нөміріне хабарласуға болады.

### АВТОБУСТАР САНЫ АРТАДЫ

Қызмет көрсету сапасын жақсарту аясында Астанада №15 және 15А бағыттарында автобустар саны артады.

Бұл туралы әкімдіктің ресми сайты хабарлады. №15, 15А бағыттарының автобустар саны 2 бірлікке (19-дан 21-ге дейін) ұлғайтылады. Сондай-ақ 1 ақпаннан бастап №15а бағдарының қозғалыс сызбасы «Қалалық физкультурно-спортивный орталығы» және «Қалалық инфекциялық орталық» аялдамаларына дейін ұзартылады. Елорданың қоғамдық көлігінде қызмет көрсету сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасады. Биыл жаңа автобустар сатып алынып, 5 жаңа бағдар іске қосылады.















